

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Созақ ауданы Құмкент ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 8 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 6143 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Құмкент ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 28 шілдедегі № 23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы Құмкент ауылдық округі әкімінің 28.07.2021 № 23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 01 сәуірдегі № 08-02-07/126 хатына сәйкес, Құмкент ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Бруцеллез" ауруының шығуына байланысты Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент ауылы К.Берденұлы көшесіне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК